

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Еркетай» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Құттыбай Динара				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	21.08. - 25.08.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. (еңбек дағдылары)	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта ойыншықтар мен құралдардың ретсіз тұрғанын байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. (еңбек дағдылары)	Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	"Біз шығамыз сапарға" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға,	"Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: басқа баланың дауысынан тануды үйрену.	"Сикырлы қапшық" дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды	"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің	Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға

	мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біз шығамыз сапарға, Адымдаймыз қатарда: Бір-екі! Бір-екі! Адымдаймыз қатарда. Балалар саусақтардың ұшымен үстел бетін мәтін ырғағына сай соққылайды. (сөйлеуді дамыту) "Жұбынды тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір	Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы дауыстап шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып, табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады. (сөйлеуді дамыту) "Лото "Қысқы және жазғы ойын-сауықтар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы және қысқы ойын-сауықтар жайындағы түсініктерін нығайту;	қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Қапшықта жемістер, көкөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Түрін, түсін, дәмін барлығын айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді.	ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай	бейімдеу; артикуляцияны, есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз. "Зымыран". Биік-биік көк аспан, Көк аспанда сұр қыран. Сұр қыраннан озады Ғарыштағы зымыран. Басы үшкір, бұрыштай, Жылтырайды қылыштай, Күміс құстай зуылдап, Ұшып кетті зымыран. Д. Ахметова. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) "Кімнің үйі тезірек жиналады?" ойыны.
--	--	--	---	---	--

	сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. (дене шынықтыру)	екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы және қысқы ойын-сауықтар туралы сурет-карточкалар. (қоршаған ортамен таныстыру)	(танымдық дағдылар) Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру. М. Әлімқұлов, "Аспаз". Біздің гүл бақшада, Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы, Ақкөңіл жақсы аға. Әлде, май құймақ па? Көже ме, сорпа ма? Әлде, бал қаймақ па, Тұрады ортада. Тәп-тәтті тамағы, Ағай – ас маманы.	болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту) "Қарама-қайшылық" ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белгілі бір	Мақсат-міндеттер: балалардың көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауын толық айтқызу. Балаларға көкөністер мен жемістердің ойыншықтары таратылады. Екі шеңберде бір көкөніс пен бір жеміс жатыр. бірі жемістер шеңбері, бірі көкөністер шеңбері деп аталады. Балалар жан-жаққа жүгіріп кетеді, серуендеуге шақырылады. Тәрбиеші белгі бойынша барлығы өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал тәрбиеші әр уақытта үйлерді ауыстырады.
--	---	--	--	---	--

			Пісіре білгенге, Астың жоқ маманы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	
Таңертеңгі жаттығу	"Қуыршақпен ойнаймыз". Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде; 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру; (Зрет) 3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда; 1-2 денені оңға ,солға бұру, б.қ. келу; Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау; 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді"; 5-6 б.қ. келу; (Зрет)				

	Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою; 3-4 тік тұру. Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Толқиды теңіз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: "Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт" - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын	"Қатып қал" ойыны. Ойынның мақсат-міндеттері: еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін	"Кішкене өзен арқылы" ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінділікке, ептілікке, дене тепе-теңдігін ұстай білуге баулу. Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы	"Мұқият бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: зеректікке, жылдам ойлау білуге бейімдеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар бар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық)	"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина

	мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. (дене шынықтыру)	әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. (дене шынықтыру)	жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. (дене шынықтыру)	балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Тәрбиеші кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. (танымдық дағдылар)	салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. (дене шынықтыру)
--	--	--	--	---	---

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Достық үйшігі" Мақсат-міндеттер: Балалардың бойына достық құндылықтарын сіңіруді жалғастыру; өзара татулық сезімдерін дамыту; достық туралы өлеңдерді қайталау.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Татулық табылмас бақыт" Мақсат-міндеттер: Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу С.Көбеев "Құстың ұясы" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгіменің мазмұны бойынша сұрақ қойып, дұрыс жауап беруге дағдыландыру; жағымды жағымсыз қылықтарды ажырата алуды үйрету; сөздік қорларын, тілін, шығармашылық қабілетін дамыту; құстарға қамқор бола білуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.	Сурет салудан ойын-жаттығу «Жаз» ұжымдық жұмыс Мақсат-міндеттер: Балаларды ұжымдық сурет салуды үйретуді жалғастыру, мезгілінің қызықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салу біліктіліктерін бекіту; көркемдік құрал-жабдықтарды таңдау біліктіліктерін дамытуды жалғастыру; нәтижелі ұжымдық жұмыс жасауға қызығушылықтарын арттыру; эстетикалық талғамдарын жетілдіру, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Музыкадан ойын-жаттығу "Көңілді балалар" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.
---	---	--	--	--	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Жәндіктерді бақылау: (инелік, ара, маса, шыбын, көбелек) (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: шабындықта, бала бақша учаскесінде, ағаштарда, өзеннің айналасында жәндіктердің көп түрі болатындығы туралы балаларға айту. Түрлі қоңыздар, көбелектер, инеліктер, шыбын, ара, масалар туралы білімдерін бекіту. Олардың пайдасы мен зияны жөнінде	Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық,	Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар(күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. Бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді.	Қоңызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қоңыздың алуан түрлілігі туралы балалардың білімін жетілдіру. Қоңыз бақша және аулада ағаштардың жапырақтарына зиянын тигізетінін көрсету. Зиян келтірушілермен күрестің әдістерімен таныстыру. Жұмбақ: Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады.

	ұғымды қалыптастыру.(арала р бал жинайды, өсімдіктерге зиянын тигізетін құрт-құмырсқаларды инеліктер жейді). Тақпақ. "Көбелектің жыры", Н. Айтов. Қанатымды бір қағым, Демде қайта жоғалам. Десе гүлді дала бар, Қос қанатым талмайды. Мені көрсе балалар, Қыр соңымнан қалмайды. "Шалғындықта үш сайыс" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бастапқы орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету,	әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. "Толқиды теңіз" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)	қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Тақпақ. "Іні", Е. Өтетілеуұлы. "Бір ісіме қапа ма", - Деп қарайды апама Сипаттырып басынан Еркелейді атама. "Жүппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қолдарынан ұстасып жүппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалтқыш қызметінің қажеттілігін қалыптастыру. Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жөндеу. Мақсат-міндеттер:	Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. Біз көмекші баламыз, Төзімді, ұқыпты боламыз. Шеберлікке жету үшін Көп еңбек саламыз. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне	Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын) Тақпақ. "Қарақұрт", С.Оспанов Өрмекшіден аумайды, Өрмекпен жем аулайды. Қарнында он үш нүкте бар, Аяғында түк те бар. Мекендер шөл даланы, Малды, адамды шағады. Жылы желді қалайды ол,
--	--	---	---	---	--

	шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу. "Допты жоғары лақтырып, қағып ал" жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстап, жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға дағдыландыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу; доппен ойындарға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек әрекеті: гербарийды жинау, құрғату. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ересектердің тапсырмасын жауапты және өз бетінше орындауға дағдыландыру;	Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт", - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол" - дегенде балалар қозғалмай қалу керек. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға	ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауға, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске	орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Салыстырулар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	Қарақұрттан абай бол. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын
--	---	---	---	---	---

	өсімдіктерге сүйіспеншілігін туғызу. Балалардың еркін ойыны.	түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?", - деп, үш	жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар.	Тәрбиеленушілермен ұсынылған заттарды салыстыра білу, заттар туралы әңгімелерді құрастыра білу. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. Балалардың еркін ойыны.	қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына
--	---	---	--	---	--

		рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: алдын-ала жылытылған суға ойыншықтарды			көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Еңбек әрекеті: жәндіктермен мен күрес (күлмен, сабын ерітіндісімен жапырақтарды бүрку). Мақсат-міндеттер: тапсырманы ынталы, ұқыпты орындауға; ниет-нәтиже шығаруға тәрбиелеу. Еңбек құралдарын жұмыстан соң орнына қоюға баулу. Балалардың еркін ойыны.
--	--	--	--	--	---

		жуып, кептіру әрекеттерге тарту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойыны.			
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес	"Не	"Ненің	"Матрешкаға	"Өз үйінді тап"	"Қане, достар!"

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	өзгерді?"дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып	дауысы?"дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды дұрыс айтуға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің дауысы дейді? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғаса береді. (сөйлеуді дамыту, танымдық	қонаққа бару" ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым матрешканы құрастыру. (құрастыру) "Көліктерді гараждарға орналастыр" ойыны. Негізгі түстердің күнделікті айтылуын қалыптастыру, түсі бойынша көліктерді айыра білуге үйрету. Негізгі түстермен боялған текшелер, аталған түстердегі ойыншық машиналар. Тәрбиеші балаларға машиналарды көрсетеді. Гараждың	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: биік және аласа үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да бірі биік, бірі аласа үйді көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік үйдің оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа үйдің сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет	қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелерін жаттықтырып, бұлшық еттерін дамыту. Қане, достар, ерінбей, (Сұқ саусақты бұлғау) Түзу сапқа тұрайық! (Қол-аяқ түзу) Алға қарай, сүрінбей, (Орында, тізені биік көтеріп, марш басу, қолдармен сермеу) Қадам басып, барайық! (Орында, тізені биік көтеріп, марш басу, қолдармен сермеу) Ойыншықтарға биіктен (Қолдар биікке, аяқтар ұшында) Төмен қарай
---	--	--	---	---	--

	тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсындар деп. Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. (қоршаған ортамен таныстыру) Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі. Мақсат-міндеттер: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру. (танымдық дағдылар, көркем әдебиет)	дағдылар, қоршаған ортамен таныстыру) "Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдардың қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-дәрмектер", "температура" ұғымдарын түсіндіру. Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық	не үшін қажет екендігін балалардан сұрайды. Гараж қандай болуы тиіс? Көлікті гаражға кіргізу үшін не істеу қажет? Балалар текшелерден гараж құрастырады. гараждың түсі қандай болса, сол түске сәйкес көлікті гаражға кіргізу қажет. Тәрбиеші еденде бордың көмегімен жол суретін салады. Балаларға ойын ойнауды ұсынады: тәрбиешінің айтқандарын тыңдап, аталған түстегі гаражды тауып, машинаны гаражға кіргізеді. (қоршаған ортамен танымдық	қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. (қоршаған ортамен таныстыру) "Кімді тазалау үйі" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарымен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру. Құралдары: щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер,	қарайық. (Отыру) Өсейік біз өрімдей, (Қайта түзу тұру, қолдар биікке) Үлкен бала болайық. (Екі қол белде, аяқтар иық енінде, баспен оң-сол жаққа шайқау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Ғажайып қапшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету. "Сөздер тізбегі" ойыны. Мақсаты: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында
--	--	---	---	---	--

		құралдар: термометр, шприц, дәрі-дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. Ойын барысы: Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен қуыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді. Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды: аюдың тістері ауырады, өйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың маңдайында жарасы бар, қуыршақ Алуа саусағын есікпен	дағдылар)	қыр қысқыштар, киімді ілетін жіп. Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз. Кірлеп қалса киімдер, Кір жуу машинасына саламыз. Г. Кужагулова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. Мысалы: үй жануарлары - ат, сиыр, ешкі, түйе және тағы басқа сөздер. (математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)
--	--	---	-------------------------	--	---

		қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тыңдайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі тағайындайды, инъекция жасайды, дәрілер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым-қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балаларды жан-жақты бақылайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)			
Балалармен жеке жұмыс	"Жазғы қызықтары" суреттер топтамасымен жұмыс.	Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп	"Не болады?" ойыны (балалар тобымен жұмыс). Мақсат-міндеттер: сөйлеу, есте сақтау,	"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері	"Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық" ойыны. Мақсат-міндеттер:

	Мақсат-міндеттер: балаларға суреттерге сәйкес шағын әңгімелер айтқызу, сөйлеуді, балалардың сөздік қорын дамыту; суреттер бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Қолғанат". Кіп-кішкене Қолғанат Отырмайды ол қарап. Ақылынды ұғады, Көңіліңнен шығады. Қолғанат десе Қолғанат. Қалай тауып қойған ат! Н. Жанаев. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	заттарды қасиеттері бойынша жалпылауға үйрету. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Сары түсті не болады?" (балапан, күн және т. б.); "Ағашта не өседі?"; "Орманда не тұрады?" және т. б.. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	бойынша ажырата білу қабілетін дамыту. Қарапайым матрешканы (4 бөліктен тұратын) құрастыруды үйрету. (танымдық дағдылар) "Үйшік" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттер: Балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне ролдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге дағдыландыру. Ойын құралдары: 4 түсті көйлек киген қуыршақтар: қызыл, жасыл, сары, көк. Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға қуыршақтың серуенге шығатындығын, ол үшін қуыршақтың үстіндегі көйлегінің түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді таңдап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлі түстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді таңдап киіндіреді. (сөйлеуді дамыту)
--	--	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуді бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Жәндіктер шаққан жағдайда..." жаднама.	Сұраныс бойынша кеңес.	"Жәндік шаққан жерді зарарсыздандыру шаралары" тақырыбында лэпбук жасау.	"Жазда өтті" тақырыбында жаднама.	Гербарийге жапырақтар, гүлдер жинау туралы әңгімелесу.

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**